

## **5B012300 – ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**1. 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері**

**5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты** – тұлғаны дамытуға және әлеуметтендіруге бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті, біліктілігі жоғары әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша бакалаврларды даярлау.

**Білім беру бағдарламасының негізгі міндеті** - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша болашақ маманның жалпымәдени, кәсіби, пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру.

**2. 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша түлекте білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер**

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды мүмкін етеді:

- жалпымәдени;
- кәсіби;
- пәндік.

**Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

2.1.1 өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игерген;

2.1.2 әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолдануға дайын;

2.1.3 ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізетін*, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игерген*;

2.1.4 шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданады*;

2.1.5 ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу *дағдылары бар*;

2.1.6 әлеуметтік өзара әрекеттестік құруда білім беру үрдісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге *қабілетті*;

2.1.7 адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;

2.1.8 ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін *жете түсінеді*;

2.1.9 тазалық сақтау және еңбекті қорғау талаптарына, сыртқы ортаның жағымсыз ықпалдарынан қорғану ережелеріне сай салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға *қабілетті*.

**Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

- 2.2.1 оқу-тәрбие үдерісін *модельдей алады* және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға *дайын*;
- 2.2.2 психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алады*;
- 2.2.3 психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді *қолдануға дайын*;
- 2.2.4 әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдістерін *пайдалануға дайын*;
- 2.2.5 білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан алған білімдерін *қолдануға дайын*;
- 2.2.6 балалардың әралуан әрекет түрлерін *ұйымдастыруға дайын*;
- 2.2.7 білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін *меңгерген*;
- 2.2.8 мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын *түсінеді*, кәсіби этикалық ұстанымдарды *сақтайды*;
- 2.2.9 қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін *меңгерген*;
- 2.2.10 кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға *қабілетті*;
- 2.2.11 кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды *қолдануға дайын*;
- 2.2.12 сыни ойлау әдістемесін меңгеруге қабілетті;
- 2.2.13 инклюзивті білім беру құндылықтары мен сенімдерін бөлісуге дайын;
- 2.2.14 өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін нәтижеге және мобильділікке бағытталған білім алуға қабілетті.

**Пәндік құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

- 2.3.1 әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты білім беру бағдарламаларын жобалай алады, модельдейді және білім беру ортасына енгізе біледі;
- 2.3.2 тұлғаның дамуына және әлеуметтенуіне ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық технологияларды кәсіби қызметінде пайдалана біледі;
- 2.3.3 тұлға дамуының жас және дербес ерекшеліктерін, жас кезеңдерін, тұлғаның психикалық дамуының негізгі заңдылықтары туралы білімдерді меңгерген;
- 2.3.4 тұлға дамуына әсер ететін табиғи және әлеуметтік факторлар туралы, әр түрлі жастағы адамдармен және тәрбиеленушілермен тұлғаға бағытталған өзара әрекет етудің негізгі ұстанымдары, әдістері мен формалары, құралдары туралы білімдерді меңгерген;
- 2.3.5 қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері, балалардың, жасөспірімдер мен жастардың, сондай-ақ әр түрлі дәрежедегі тұрғындардың өзара әрекет ету және қарым-қатынас жасау ерекшеліктері туралы білімдерді меңгерген;
- 2.3.6 тұлғаны әлеуметтендіру амалдары мен тәсілдерін меңгерген;
- 2.3.7 білім алушылардың микро және макро ортаға бейімделу үрдісінің даму динамикасына сәйкес жағдайлар жасай біледі;
- 2.3.8 «адам-адам» жүйесінде әлеуметтік өзара әрекет ету жағдайларына талдау жасай біледі;

- 2.3.9 әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімінің кәсіби қызметінің негізгі формалары мен әдістерін меңгерген;
- 2.3.10 анимациялық бағдарламаларды құра біледі;
- 2.3.11 балалар мен жеткіншектердің бос уақытын креативті ұйымдастыра біледі;
- 2.3.12 жеке тұлғаның дамуына мониторинг және диагностика жүргізе біледі.

### 3.2 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша оқу жоспары

Оқыту мерзімі: 4 жыл  
 Академиялық дәрежесі: 5B012300 – Әлеуметтік педагогика  
 және өзін-өзі тану мамандығы бойынша білім бакалавры

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
<b>ЖБПМ1</b>	<b>Жалпы білім беру пәндері модулі</b>	<b>24</b>	
<b>МПК1.1</b>	<b>Міндетті пәндер компоненті</b>	<b>24</b>	
1.1.01	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.1.02	Қазақ (орыс)тілі	4	1
1.1.03	Шетел тілі–B1	4	1
1.1.04	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.1.05	Артбілім	3	1
1.1.06	Экономика және бизнес	3	3
1.1.07	Білім беру философиясы	3	3
<b>КПМ 2</b>	<b>Кәсіби пәндер модулі</b>	<b>60</b>	
<b>МПК2.1</b>	<b>Міндетті пәндер компоненті</b>		
2.1.01	Педагогика	5	2
2.1.02	Психология	5	2
2.1.03	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.1.04	Педагогикалықриторика	3	3
2.1.05	Инклюзивті білім беру	3	5
2.1.06	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.1.07	Зерттеу әдістері	3	3
2.1.08	Шетел тілі – B2	5	2
2.1.09	Практика-1	6	4
2.1.10	Практика-2	9	6
2.1.11	Практика-3	15	8

<b>АПМ 3</b>	<b>Арнайы пәндер модулі</b>	<b>144</b>	
<b>МПК3.1</b>	<b>Міндетті пәндер компоненті</b>	<b>81</b>	
3.1.01	Педагогика -2	4	3
3.1.02	Әлеуметтік педагогика	4	2
3.1.03	Әлеуметтік психология	4	2
3.1.04	Мектептегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың теориясы мен әдістемесі	5	5
3.1.05	Өзін-өзі тану	4	1
3.1.06	Педагогика, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану тарихы	6	1
3.1.07	Отбасы педагогикасы	4	4
3.1.08	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	4
3.1.09	Жас ерекшелік педагогикасы	4	5
3.1.10	Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі	4	6
3.1.11	Әлеуметтік-педагогикалық зерттеулердің негіздері	4	3
3.1.12	Педагогикалық анимация	4	7
3.1.13	Этнопедагогика	4	7
3.1.14	Педагогикалық шеберлік	4	7
3.1.15	Қауіпті топтағы балалар мен отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету	4	7
3.1.16	Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	4	5
3.1.17	Тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасы	4	3
3.1.18	Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдістемесі	4	5
3.1.19	Әлеуметтік педагогтың девиантты мінез-құлықты балалармен жүргізетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстары	4	6
3.1.20	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	3	5
	<b>Диплом жұмысы</b>	<b>12</b>	<b>8</b>
<b>ЭПК3.2</b>	<b>Элективті пәндер компоненті</b>	<b>63</b>	
	<b>Барлығы</b>	<b>240</b>	
	<b>Оқытудың қосымша түрлері</b>		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік ел	3	2

### 3.3 Модуль бойынша ұсынылатын элективті пәндер

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
<b>3</b>	<b>Арнайы пәндер модулі</b>	<b>63</b>	
<b>3.2.01</b>	Білімдегі инновациялық менеджмент	<b>4</b>	2
	Әлеуметтік педагогтың басқару құзыреттілігі		
<b>3.2.02</b>	Психофизиология	<b>5</b>	3
	Арттерапия		
<b>3.2.03</b>	Әлеуметтік педагогика қазіргі заманғы идеялар контекстінде және әлеуметтік таным теориялары	5	4
	Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері		
<b>3.2.04</b>	Конфликт психологиясы	5	4
	Жас ерекшелік психологиясы		
<b>3.2.05</b>	Кәсіби көшбасшылық негіздері	5	4
	Тәрбие жұмысының технологиясы		
<b>3.2.06</b>	Кәсіби бағдар беру негіздері	4	4
	Қарым-қатынастың әлеуметтік-педагогикалық негіздері		
<b>3.2.07</b>	Жасөспірімдік жастағы балалардың әлеуметтік-педагогикалық мәселелері	5	5
	Мектептегі әлеуметтік-педагогикалық мәселелер		
<b>3.2.08</b>	Креативті педагогика	<b>4</b>	5
	Пенитенциарлық педагогика		
<b>3.2.09</b>	Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың кәсіби-этикалық негіздері	<b>4</b>	6
	Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың технологиясы		
<b>3.2.10</b>	Жеке-топтық психологиялық кеңес беру	<b>4</b>	6
	Әлеуметтік-психологиялық кеңес беру		
<b>3.2.11</b>	«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың аксиологиялық аспектілері	<b>4</b>	6
	Қазақстан Республикасында «Өзін-өзі тану» пәнінің қалыптасуы мен даму тарихы		
<b>3.2.12</b>	12 жылдық білім берудің психологиялық-педагогикалық мәселелері	5	7
	Қазіргі білім беру технологиялары		
<b>3.2.13</b>	Әлеуметтік-педагогикалық білімдердің жалпы курсы	5	7
	Әлеуметтік-педагогикалық коррекция		
<b>3.2.14</b>	Әлеуметтік педагогтың және өзін-өзі тану мұғалімінің ғылыми-зерттеушілік мәдениеті	4	7
	Педагогтың кәсіптік өзін-өзі тануы мен дамытуы		